

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ»

**Тобы: «Талантты бөбек» ортаңғы
Тәрбиеші: Бекетова .С.Қ**

2023-2024 оқу жыл

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Білім беру саласы: Қоршаған орта

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: ойын түрінде

Міндеттері: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу, біртекті заттарды түсіне сәйкес топтастырады.

Кіріктірілді: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту, физикалық қасиеттерді дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

(қоршаған орта, жапсыру, математика, музыка, дене шынықтыру)

Барысы:

Ойын іс-әрекетін бастамас бұрын көңіл-күйлерін сұрап, бүгінгі күнге сәттілік тілеу.

-Балалар, көңіл-күйлерің қалай? (жақсы)

-Бүгінгі күнге не тілейміз? (сәттілік)



- Жарайсыңдар, балалар.

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?

- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.

Ия, қар аппақ, үлпілдек, мамық, жұмсақ, жеңіл

Қыс мезгілінде қалай киінеміз?

- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.

Балалар ненің дыбысын естіп тұрсыңдар?

- Боранның.

-Жарайсыңдар, балалар.

(Топқа еңтігіп боранда қалып адасып кеткен аққала кіреді)

Ой балалар мен адасып ,боранда қалып қойдым.

Балалар ,аққала еңтігіп тұр екен.Аққаламен бірге тыныс алу жаттығуын жасаймыз.

Ал,балалар тыныс алу жаттығуын жасай отырып, мына стакандағы түтікшені үрлеп

арқылы боранда адасып кеткен аққаланың бейнесін көреді.



(Балалар үстел үстіндегі стакандағы түтікшені үрлейді, ондағы қағаз қиымдарының ұшқанын көреді).

-Ой балалар, мен жылы жерге келіп еріп бара жатырмын, далаға шығайын.

Жақсы, сау болыңдар!

Стакандағы қар ұшты ма? - Ия.

Қар ұшқындап, жапалақтап, борандатып жауады екен.

Қарды жеуге болады ма? - Жоқ.

Қар аппақ, үлпілдек, мамық, жұмсақ, жеңіл екеніне көзімізді жеткіздік.

Боран - қарды, топырақты бұрқыратып соғатын қатты жел. Қыста ақ түтек боран соғады.

Ондай күні далада ойнауға болмайды.

Қыста қандай ойын ойнайсыңдар?

Шанамен сырғанақ тебеміз. Қардан аққала жасаймыз.

-Балалар, аққаланы неден жасаймыз?

-Қардан жасаймыз.

-Аққаланың түсі қандай?

-Аққаланың түсі ақ.

-Аққала қандай пішінге ұқсайды?

-Дөңгелекке ұқсайды.

1 ойын: «Біздің шебер қолдар»

Шарты: Алдарына берілген аққаланың бөліктерін жапсыру.

Балалар жасаған жұмыстарын шыршаға апарып іледі.



2 ойын: «Түсіне сәйкес орналастыр»

Шарты: Алдарына берілген шыршаның жұлдызшасының түстеріне сәйкес ойыншықтарын орналастыру.

Үш шыршаның суреті беріледі ,жұлдызшалары көк,сары ,қызыл осы түстеріне сәйкес шыршаның ойыншықтарын орналастырады.



3 ойын: «Қисық жолдар»

Шарты:Қисық жолдар арқылы балалар қыстың бейнесін орналастырып, шыршаның ойыншықтарын түстеріне сәйкес орналастырып шығады.



4 ойын: «Аққаланы құрастыр»

Шарты: Музыка жетекшісімен бірге аққаланың бөлшектерін құрастырады. «Аққала » әнін орындайды.



Сұрақ-жауап: Бүгін біз қандай тәсілдермен жұмыс жасадық?

-Балалар, қыс несімен қызықты?

Қыста қар жауады. Біз қармен ойнаймыз. Сырғанақ тебеміз. Қардан аққала жасаймыз.

Балалардың білімін бағалау:

Сендер бүгін сұрақтарға өте жақсы жауап бердіңдер. Берілген тапсырмаларды өте ұқыпты орындай білдіңдер.

Балаларды мақтап мадақтау:

Балалар аяқтарына байпақ ,қолдарына қолғап киіп жердегі қарларды жинау арқылы марапатталады. Қонақтармен қоштасады.

